Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** новый вектор развития высшего образования и науки**»** посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.2, ч.1. – Б. 36-37

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ МАШИНАЛАРДЫ ЖӨНДЕУ МЕН ОЛАРҒА ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫ

Ақжолов Н.

Ауыл шаруашылығындағы еңбек жағдайы өнеркәсіп пен құрылыстағыдан гөрі көп өзгеше. Мәселен, егін және мал шаруашылығымен айналысатын кәсіпорындардың аумағы үлкен.

Әртүрлі жұмыстарды атқару үшін түрлі-түрлі машиналар мен механизмдер пайдаланылады, машиналар мен тракторлар көбіне жолсыз, далалық жерлерде жұмыс істесе, кейде механизаторлардың жеке-жеке бөлімшелерінде жұмыс істеуіне тура келеді.

Жыл маусымының өзгеруіне байланысты жұмыстың бүкіл технологиялық үрдістері де өзгеріп тұрады. Осындай жағдайларда, басшылар мен мамандардың еңбек қорғау шараларын сәл әлсіретуінің өзі адамдардың жарақат алуы мен ауруына әкеліп соқтыруы мүмкін.

Айталық, автомобильдердің, тракторлар мен комбайндардың жүргізушілерінің көздері жақсы көретін, құлағы жаксы еститін, жүйке жүйелері сау адамдар болуы шарт. Олардың жұмыс істеуге кедергі жасайтындай дене кемшіліктері болмауы тиіс.

Сол себепті, жұмысқа қабылдарда олар міндетті түрде дәрігерлік бақылаудан өткізіледі.Жұмыстың техникасы мен технологиясын және қауіпсіздік техникасы ережелерін білмейтін адамдарды жұмысқа жіберуге тыйым салынады. Жұмысқа қабылданатын адамдар қауіпсіздік техникасының нұсқауын алуы шарт.

Машиналарды техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстары МЕСТ және СНмЕ талаптарына, автомобиль кәсіпорындарында еңбек қорғау ережелеріне сәйкес орындалатын болу керек. Пост жабдығының қонструкциясы жұмыскер еңбегінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тиіс. Жұмысшылар пайдалануға көрнекті барлық құрал - саймандармен жабдықтану керек.

Байқау шұңқырлары санитарлық-гигиеналық жөнінде, өрт болмау мақсатында, еңбекте ыңғайлы және қауіпсіз болу тұрғысында жабдықтану керек. Күту және жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін шұңқырлардан басқа эстакадалар және көтергіштер пайдаланылады. Жөндеу және күту зоналарында автомобильдер бір постыдан екінші постыға өздігімен жүріп ауысқанда, ауаға көп мөлшерде шаң және пайдаланған газдар шығып, адамдардың денсаулығына зиян келуі мүмкін.

Техникалық күту және жөндеу зонасына жіберілетін автомобильдер алдын ала жақсылап тазаланып, жуылу керек.

Жуу жұмыстарын жүргізген кезде автомобильдің электр жабдықтары су болмау шараларын қолдану керек.

Автомобильдерді күту және жөндеу жұмыстарын жүргізу барысында автокөлік кәсіпорындарында еңбек қорғау ережелерімен белгіленген қауіпсіздік талаптарын мұқият орындау керек.